

QAZAQ



№17 (1768)
22 қыркүйек
2020 жыл

YUNIVERSITETI

www.kaznu.kz

facebook.com/KazakhNationalUniversity

vk.com/kazuniversity

instagram.com/KAZNU_FARABI

ЦЕЛЬ: ТОП-100

КазНУ им. аль-Фараби нацелен стать исследовательским университетом мирового уровня и войти в глобальный рейтинг в топ-100 лучших вузов. Эту масштабную цель озвучил ректор академик Галым Мутанов во время ежегодной отчетной встречи перед населением. Для этого будет продолжено развитие инфраструктуры, а также реализован ряд крупных международных инновационных проектов на основе государственно-частного партнёрства с привлечением зарубежных инвестиций.



Отчетная встреча ректора КазНУ им. аль-Фараби Галыма Мутанова перед общественностью прошла в этом году в онлайн-формате на собственной дистанционной платформе университета «JynalisRoom». Прямая трансляция встречи велась в прямом эфире на YouTube-канале и на официальных аккаунтах университета в социальных сетях.

В отчетной встрече приняли участие представители преподавательского состава, студенческого актива, ассоциации выпускников, совета работодателей, республиканского проектного офиса «Саналы ұрпақ», средств массовой информации, молодежных и студенческих организаций, обучающиеся и их родители.

Новшество этого года – вопросы можно было задать предварительно, начиная за месяц вперед до отчетной встречи. Каждый желающий имел возможность обратиться к ректору в виртуальной приемной на сайте kaznu.kz, а также на специально открытой онлайн форме. Поступавшие вопросы и предложения систематизировались и обрабатывались, обратившимся были даны ответы во время прямого эфира и посредством обратной связи.

Ректор ведущего вуза страны подробно рассказал общественности о достижениях и стратегических задачах, стоящих перед многотысячным коллективом университета, о том, как университет работает в условиях пандемии в дистанционном формате обучения, решении актуальных вопросов развития науки, реализации инновационных проектов.

Ректор Галым Мутанов подчеркнул, что в юбилейный год 1150-летия Аль-Фараби университет, достойно носящий его имя, совершил феноменальный прорыв,

войдя в топ-200 лучших вузов мира в глобальном рейтинге QS, заняв 165 место. КазНУ, поступательно трансформируясь в исследовательский университет мирового класса, не останавливается на достигнутом и ставит перед собой амбициозную цель – войти в топ-100 лучших вузов в мире. Для этого будет реализован ряд крупных международных инновационных проектов. Так, на основе государственно-частного партнёрства с привлечением зарубежных инвестиций создается научно-техническая долина «Аль-Фараби».

Первым шагом создания НТД на территории кампуса КазНУ станет запуск международного IT-кластера «Альянса университетов Нового Шелкового пути», объединяющего более 130 ведущих вузов мира. Его ядром будет IT-технопарк по модели «Silicon Valley» и суперкомпьютер, предоставляемый КазНУ по гранту Правительства КНР. Важными составляющими «долины» также станут медико-биологический кластер с современной поликлиникой и исследовательской лабораторией, а также инновационный кластер, который объединит такие научные направления, как: нанотехнологии и новые материалы, ядерные, космические и телекоммуникационные технологии, робототехника, междисциплинарные гуманитарные исследования.

КазНУ разработал и внедряет собственную модель развития вуза нового поколения – «Университет 4.0». Она нацелена на формирование граждан страны и мира с высокими духовно-нравственными ценностями, ответственных не только за себя, но и за судьбу всего человечества.

Продолжение на 2 стр.

ТҮРКИЯ ЕЛШІСІНІҢ САПАРЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да ректор Галым Мұтанов пен Түркия Республикасының Қазақстандағы Төтенше және өкілетті Елшісі Уфук Экиджи мырзамен кездесу өтіп, жүздесу барысында тараптар ғылым және білім саласындағы өзара тиімді ынтымақтастықтың келешегін талқылады.

Ректор мәртебелі мейманға университет қызметіне ерекше көңіл бөлгені үшін алғысын білдірді. Келіссөздер барысында ол Түркия өзінің тәуелсіздігін жариялағаннан кейін Қазақстанның егемендігін мойындаған алғашқы ел болғанын атап өтті.

Жалғасы 2-бетте

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да белгілі журналист, жазушы, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Ә. Ыдырысовтың туғанына 90 жыл толуына арналған «Бұқаралық ақпарат құралдарын және баспа өнімдерін безендіру өнерінің қазіргі мәселелері» атты ғылыми-практикалық онлайн-конференция өтті.

ЖУРНАЛИСТИКА МАЙТАЛМАНЫ ӘБІЛФАЙЫЗ ЫДЫРЫСОВҚА АРНАЛАДЫ

Конференция аясында кітапқұмарлар үшін адалдық сөресі және Әбілфайыз Ыдырысов атындағы оқу-өндірістік аудиториясының салтанатты ашылу рәсімі болды. Шараға Қазақстанның Ұлыбританиядағы, Исландиядағы және Ирландиядағы Төтенше және Өкілетті Елшісі, ҚР СІМ бұрынғы басшысы Ерлан Ыдырысов, ҚазҰУ ректоры Галым Мұтанов, Парламент депутаттары, дипломаттар, белгілі қоғам қайраткерлері, журналистер және ғалымдар мен студенттер қатысты.

Әбілфайыз Ыдырысовтың 90 жылдығына арналған конференция онлайн форматта өтті. Ғалымның шәкірттері мен әріптестері – Парламент Сенатының депутаты Нұртөре Жүсіп, Нұртілеу Иманғалиұлы, Лаура Бағдәулетқызы (Лондон) және басқалар – өз сөздерінде көрнекті қайраткердің қазақстандық баспа басылымдарының дизайнерлік безендірілуіне және журналистиканың дамуына қосқан зор үлесін атап өтті.

Белгілі журналист және ақын Бауыржан Жақып ұстазының алғашқы сабақтары жайында: «Біздің топта 50 адам оқыды және біз бәріміз газетті дизайнерлік безендірудің құпияларын түсінуге тырыстық. Тақырып қызықты және қиын болды, көптеген таныс емес терминдерді қабылдау қиынға түсті. Қол жетімді ұсынылған материал мен ұстазымыздың талаптарының арқасында топ емтиханды жақсы тапсырды.

Оқу кезінде алған дағдылар біздің кәсіби қызметімізде көптеп қажетіне жарады», – деп есіне алды.

Жалғасы 2-бетте

СТРАТЕГИЧЕСКОЕ ПАРТНЕРСТВО



2-стр.

ҒЫЛЫМДЫ ДАМУ ТУ МАҢЫЗДЫ



4-бет

ЗНАМЕНАТЕЛЬНАЯ ДАТА



8-стр.

В КазНУ имени аль-Фараби прошла двусторонняя встреча ректора Галыма Мутанова с Чрезвычайным и Полномочным Послом Французской Республики в Казахстане г-ном Филиппом Мартине.

СТРАТЕГИЧЕСКОЕ ПАРТНЕРСТВО



Во время встречи были обсуждены вопросы дальнейшего развития сотрудничества в разных направлениях, и в частности, в области зеленых и цифровых технологий, академической мобильности, создании института науки, технологии и энергии и др.

Во время переговоров ректор поблагодарил г-на Филиппа Мартине за большой вклад в развитие стратегического партнерства и дружественных отношений между вузами двух стран и содействие в реализации совместных проектов. Одним из таких является франко-казахстанский образовательно-исследовательский Центр «Гео-энергетика» на базе КазНУ. Благодаря этому проекту были внедрены новые образовательные программы двойного диплома магистратуры и MBA.

Обсуждая круг дальнейших планов по совместной работе, Посол предложил развивать сотрудничество в области промышленного газа, инициатива была поддержана руководством КазНУ. Было отмечено, что новые направления будут способствовать переходу на более высокий уровень по подготовке кадров, созданию инновационных проектов, внедрению цифровых технологий.

Во время встречи было отмечено, что в этом году под эгидой ЮНЕСКО

отмечается 1150-летний юбилей Абу Насра Аль-Фараби, который объединил Восток и Запад гениальными трудами и идеями. «Аль-Фараби называют философом цивилизации, он является основателем просвещенного ислама. Великий мыслитель четко провел грань между религией и наукой. В своих трактатах он призывал к добродетельности», – отметил ректор в своей речи. Стороны подчеркнули, что, продвигая идеи Аль-Фараби о

добродетельном обществе, мир будет развиваться в новом формате, свободным от негатива и агрессии.

В завершение встречи в знак особой признательности и за выдающиеся заслуги перед университетом Чрезвычайному и Полномочному Послу Французской Республики в Казахстане г-ну Филиппу Мартине была вручена золотая медаль КазНУ.

Соб. корр.

Продолжение. Начало на 1 стр.

Презентованная в Штаб-квартире ООН в Нью-Йорке модель была рекомендована для широкого распространения на международном уровне. Передовой опыт КазНУ транслируется в мире через 10 научно-образовательных центров Аль-Фараби, открытых КазНУ в ведущих зарубежных университетах, и дома-музеи Аль-Фараби в Стамбуле (Турция) и Дели (Индия). Благодаря этому, иностранные граждане имеют возможность изучать казахский язык, культуру и традиции казахского народа, знакомиться с достижениями Казахстана. В ближайшее время количество таких центров в разных странах мира увеличится до 20-ти.

Основой инновационных преобразований университета стал переход от функционального менеджмента к процессному. Инфраструктура Казгуграда за последние пять лет выросла почти на 50 %. В этом году на основе государственно-частного партнерства начато строительство Дома студентов повышенной комфортности на 1250 мест. Университет первым в стране запустил массовые открытые онлайн-курсы на платформе moocs.kz. Сегодня университет становится центральноазиатским хабом экспорта образовательных услуг и подготовки востребованных специалистов. Только за последний год количество иностранных обучающихся выросло в 15 раз. Автоматизация управления и перевод всех бизнес-процессов в цифровой формат позволили КазНУ в период объявления карантина в связи с пандемией

коронавируса оперативно и без проблем, сохранив прежнее расписание занятий, перейти на дистанционное обучение.

В ходе отчетной встречи выступила ученый секретарь «Национального центра по комплексной переработке минерального сырья РК» Светлана Ефремова. Она рассказала о сотрудничестве с КазНУ в подготовке квалифицированных специалистов. В 2019 г. университет открыл при центре специализированную кафедру «Технология металлов и минералов». По словам спикера, работники центра непосредственно участвуют в образовательном процессе на всех этапах обучения студентов (бакалавриат, магистратура, докторантура). Это позволяет осуществлять подготовку специалистов на стыке науки и практики, готовых к решению многопрофильных задач в будущей профессиональной деятельности.

Руководитель республиканского проектного офиса «Саналы ұрпақ» Кайыржан Токушев в своем выступлении отметил тесное сотрудничество с КазНУ в создании Научно-образовательного кластера по формированию антикоррупционной культуры. В настоящее время совместно разработаны и используются методические рекомендации и программы по противодействию коррупции. На

факультетах организована работа студенческих клубов «Саналы ұрпақ», проводятся мероприятия. Развивая это направление деятельности, в ближайшее время в университете будет внедрен международный стандарт ИСО 37001. Руководитель проектного офиса дал положительную оценку деятельности КазНУ и выразил уверенность, что вуз добьется новых значительных успехов.

От имени Ассоциации выпускников университета выступила главный редактор республиканской газеты «Білімді ел» Ляззат Туркестанова. Она рассказала о тесной связи выпускников с родной Альма-матер и большой роли в этом Ассоциации выпускников КазНУ. Также она озвучила ряд предложений по улучшению дальнейшего взаимодействия и широкому информированию о достижениях и деятельности университета.

В завершение онлайн встречи ректор Галым Мутанов и проректора КазНУ дали развернутые ответы на поступившие ранее и во время прямого эфира вопросы преподавателей, студентов и общественности. По итогам встречи решение ряда озвученных вопросов взято руководством вуза на контроль, а поступившие предложения будут рассмотрены.

Пресс-служба

█ KAZNU.KZ

Ál-Farabi atyndaǵy QazUÝ arheologtary Eleke sazy alqabynda, Tarbagataı (ShQO) taý bókterinde saq qoǵamy kóseminiń at sheryńe arnalǵan altyn áshekeiler taıyp, sensasialyq jańalyq ashty.

Sensasialyq jańalyq «Rýhani jańǵyry» baǵdarlamasy aıasynda Shyǵys Qazaqstan oblysy ákimdigi uıymdastyrǵan Shilikti-Tarbagataı ekspeditsıasy kezinde jasaldy. Ğylymı jobany orındaıshylar men arheologialyq ekspeditsıaǵa qatysyshylar Qazaq ulttyq ýnıversitetiniń ǵalymdary boldy. Joba jetekshisi profesor Ábdesh Tashkenuly Tóleybaev. Jayapty orındaıshylar: arheologia, etnologia jáne mýzeologia kafedralarynyń meńgerıshileri, PhD doktory R.S. Jumataev jáne kafedra doktoranty S. T. Shakenov.

Qazba jumystarynyń nátijesinde qabir shuńqyry men dromos (qabirge aparatyn jerasty dálizi) ashyldy. Qabirden adam súiekteri men keramikanyń jeke bólikteri ǵana tabyldy. Sol kezde biz qurylystıń syrtqy tas qabyǵyn, qorǵandy qorshap turǵan shuńqyrdy jáne qorǵannyń analasyndaǵy segiz tasty jerley oryndaryn zerteıdi sheshtik.

Qorǵannyń ońtústik-shyǵys eteginiń tas qabyǵynan at ábzelderi úshin jasalǵan altyn áshekeiler tabyldy. Qazyna diametri 50 sm jáne tereńdigi shamamen 80 sm bolatyn jer shuńqyryna salynǵan. Bul jerley sózsis eske alǵa arnalǵan, iaǵni sol zamandaǵy – marqum bileıshige, múmkin oǵan baǵynyshty taıpalyq bólimshelerden nemese birlestikterden tartı bolǵan. Ol zamanda el bilegen kósemderdi qasterlep jerlegen. Ashylydyń qundylyǵy jarıalangan materialdar men murajai eksponattaryna saıkes, ár túrli mifologialyq sújetteri, formalary men beıneleri bar qalyń taqtaıshaly altyn men qalyń folgadan jasalǵan at ábzeldiń osyndaı túrli-tústi jáne bai bezendirilıy sako-skif áleminiń búkil keńistiginde bolmaǵandyǵymen kórinedi. Sako-skif eskertkishterindegi at jabdyqtary kóbinese qorǵannyń ishinde nemese syrtynda qazyna túrinde kezdesedi.

Ábý Nasyr Ál-Farabidiń eskertkish taqtaıshasy Haifa qalasyndaǵy onyń esimimen atalǵan kóshede ornatyldy. Ís-shara Izraildegi QR Elshiliginiń qoldaıymen uıymdastyryldy.

Saltanatty rásimge Izraildegi QR Elshisi Satybaldy Burshaqov, Qazaqstannyń Izraildegi qurmetti konsyly Devid Lúksembýrg, Haifa qalasy ákiminiń orynbasary Lazar Kaplan, Izraildiń diplomatalyq korpýsy men ǵylymı toptarynyń ókilderi qatysty. Aıta ketıy kerek, onlain rejimдеgi is-sharaǵa álemniń túrli elderiniń akademialyq qoǵamdastyq ókilderi, sonıń ishinde qazaqstandyq jetekshi joǵary oqy ornı – ál-Farabi atyndaǵy QazUÝ rektory, akademik Galym Mutanov qatysty.

Saltanatty rásimde Qazaqstannyń Izraildegi Tótenshe jáne Ókiletı Elshisi Satybaldy Burshaqov sóz sóılep, Qazaqstannyń Ál-Farabi murasyn saqtay men ilgeriletıdegi mańyzdy rólin atap ótti. Buǵan halyqaralyq ǵylymı yntymaqtastyqta damyta otyryp, akademialyq qoǵamdastyq úlken úles qosyda.

«Bizdiń kórnekti jerlesimiz adamdardy baqytqa jetıy jolynda bir-birine kómetdesıye, ári qayyrymdylyqqa shaqyrdy. Izraildiń iri qalalarynyń birindegi Al-Farabi atyndaǵy kóshe onyń uly shyǵarmashylyq murasynyń moıyndaılynyń jáne bizdiń elderimiz arasyndaǵy dostyq qatynastardyń joǵary deńgeiniń dáleli», – dedi Qazaqstan Elshisi.

Óz sózinde QazUÝ rektory akademik Galym Mutanov is-sharany uıymdastyryshylarǵa jyly lebizin bildirip, Al-Farabidiń 1150-jyldyǵy IYNESKO qoldaıymen álemdik deńgeide atalyp jatqandyǵyn tilge tiek etti.

«Álemdеgi eń ádemi tarıhı qalalardyń biri, Izraildiń basty teńiz qaqpasy Haifa qalasynda Al-Farabi kóshesi bar ekendigin maqtap tutamyz. Órkeniettiń uly oıshylynyń esiminen Izrailde máńgi qaldyrdy Al-Farabidiń tek bir halyqtyń ǵana emes, búkil adamzattyń mádeni jáne rýhani igiligi ekendiginıń aıqyn dáleli jáne moıyndaılyq boldy. Sondai-aq, Al-Farabidiń eńbektirin aıdaryp, olardyń Eýropada taralıyna yqpал etken evrei oıshyldarynyń zor eńbegin atap ótkim keledi» – dedi QazUÝ rektory.

ТҮРКИЯ ЕЛШІСІНІҢ САПАРЫ

Жалғасы. Басы 1-бетте



Бүгінде екі мемлекет арасында қалыптасқан саяси және экономикалық байланыстар қызметтің барлық салаларына оң әсерін тигізді. Қазақстанда түрік компаниялары мен инвесторлары, соның ішінде ғылыми-білім беру саласында да өз қызметін табысты жүргізуде.

Кездесу барысында ректор Ғалым Мұтанов қонақтарға университеттің қызметі мен жетістіктері, Түркияның жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық және академиялық ұтқырлық аясында оқытушылар және студенттермен алмасу жүзеге асырылатын халықаралық байланыстар туралы айтып берді. Ғұламаның есімін лайықты иеленіп жүрген университет биылғы жылы шығыс ойшылы Әбу Насыр әл-Фарабидің мерейтойлық жылы деп жарияланғаны белгілі. Осы ретте Түркияның ҚР-дағы жаңа елшісінің ҚазҰУ-ға алғашқы сапары табысқа толы символдық мәнге ие.

Кездесу барысында Ыстамбұлда ашылған әл-Фараби орталықтары

жұмысының аспектілері де талқыланды. Бүгінгі таңда 12 халықаралық орталықта әл-Фарабидің ізгілікті және өркениетті қоғам туралы еңбектерінің принциптері мен идеялары насихатталуда, сарапшылар мен ғалымдардың пікірінше, адамгершілік және рухани құндылықтарға қайта мән беру бұл бүкіл адамзат үшін қажет дейді.

Өз кезегінде елші ректорға жылы лебіз танытып, ерекше назар аударғанына алғыс айтты. Ол ҚазҰУ-дың Түркия университеттерімен ынтымақтастық деңгейін жоғары бағалап, ғылым мен білім саласындағы бірлескен жобалар мен бағдарламаларды ілгерілетуге қолдау көрсетуге, сондай-ақ екі мемлекет арасындағы ынтымақтастықты одан әрі белсенді дамытуға ықпал етуге дайын екенін білдірді. Кездесу соңында Уфук Экиджи мырзаға ҚазҰУ-дың студент жастарына онлайн-форматта дәріс өткізу ұсынылды.

Өз тілшімізден

В условиях пандемии ученые КазНУ продолжают активную исследовательскую деятельность и участвовать в авторитетных онлайн-форумах.

История. Память. Люди.

В ходе X Международной исторической научно-практической конференции «История. Память. Люди», посвященной победе в Великой Отечественной войне и 25-летию Ассамблеи народа Казахстана, сотрудники КазНУ имени аль-Фараби, других вузов и научно-исследовательских институтов, общественные деятели презентовали результаты многолетнего научного поиска.

Ученые представили научные доклады в двух секциях – «Евразия XX век: эвакуация, переселенцы, беженцы» и «Люди и судьбы». За принятыми формулировками

– крупнейший в Европе, где на протяжении десятилетий собираются свидетельства о жизни простых людей в то страшное время. История богатая и наполнена как страшной трагедией, так и великим героизмом. В частности, объявленные нацистами национальные чистки, в которых сильно пострадали представители еврейского народа, – для потомков не заживаемая с годами рана. Участники форума показали на исторических фактах, что эвакуация из разных городов множества людей разных наций открыла им новые возможности для самореализации в Центральной Азии.



научного языка и стиля из прошлого возвращалась правда о миллионах людей, невинно лишенных в годы репрессий и войн имени, судьбы, жизни.

Открывая конференцию, директор Архива Президента Республики Казахстан Джамиля Абдукадырова в приветственном слове сделала акцент на том, что именно научное знание и подтвержденные архивные факты и свидетельства очевидцев не дадут переписать и сфальсифицировать историю. И в будущем историческое наследие должно служить уроком и нравственным ориентиром для новых поколений.

В конференции правда истории звучала в разных аспектах от представителей различных государств – России, Кыргызстана, Узбекистана, Украины, Польши, поскольку, по единодушному мнению, докладчиков, даже замалчивание одних фактов и выпячивание других приводит к отрыву от реальной действительности, к перекоосу в изучении истории.

В частности, главный научный сотрудник Музея Второй мировой войны в Гданьске (Польша) доктор исторических наук Дмитрий Панто объяснил, что данный музей

С приездом эвакуированных Казахстан приобрел специалистов, которые участвовали в процессах становления и развития казахстанской науки, культуры, искусства, промышленности, строительства в других республиках Центральной Азии. Как точно отметил председатель ассоциации «Мицва» Александр Барон, каждый год находят и перезахоранивают останки воинов, открываются новые исторические свидетельства, а в Алматы уже более 20 лет реализуется проект по сохранению истории эвакуации в период Великой Отечественной войны.

Так, актуальным было выступление доктора исторических наук, профессора КазНУ Лайлы Ахметовой, которая долгие годы занимается поиском казахстанцев, воевавших и погибших на фронтах Великой Отечественной войны. Итоги огромной поисковой работы опубликованы ею в книге «Панфиловцы: наша гордость, наша слава».

Александр РОЖКОВ,
Лариса НОДА,
преподаватели журфака

ЖУРНАЛИСТИКА МАЙТАЛМАНЫ ӘБІЛФАЙЫЗ ЫДЫРЫСОВҚА АРНАЛАДЫ

Жалғасы. Басы 1-бетте



Әбілфайыз Ыдырысов «Таңшолпан» романының және сегіз жүз публицистикалық очерктер мен мақалалардың авторы. Оның қаламынан «Очерк журналистика жанры ретінде», «Қазақ журналистикасының тарихы», «Баспа басылымдарын безендіру» және басқа да пәндер бойынша оқу-әдістемелік құралдар жарық көрді.

Әбілфайыз Ыдырысов өзінің еңбек жолын республикалық «Қазақстан пионері» балалар газетінің редакциясында әдеби қызметкер ретінде бастаған. Талантының арқасында

бірнеше жылдан кейін ол осы баспа басылымының редакторы болды. Ол радиода, республикалық балалар жастар басылымдарында жұмыс істеді. Осы атаулы күнде өздерінің тәлімгері жайлы шәкірттері «ол өзінің көп жылдық тәжірибесін шәкірттеріне бере білді» деп жылы лебізбен әрі ризашылықпен айтты.

Конференция соңында Әбілфайыз Ыдырысов атындағы стипендия тағайындалды, оны салтанатты түрде Әбілфайыз Ыдырысовтың ұлы Ерлан Ыдырысов жариялады.

Өз тілшімізден

Тоғызыншы қазанда филология және өлем тілдері факультетінде «Абай Құнанбаевтың өлемі мен шығармашылығына жастардың көзқарасы» атты республикалық ғылыми онлайн-конференциясы өтеді

Президент Қ.-Ж. Тоқаевтың "Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі" атты биылғы Қазақстан халқына Жолдауында өзекті мәселелер айтылып, нақты шешімін табу тапсырылды. Соның бірі, ғылым саласын дамыту бойынша жоспарлар қамтылуы еді.

Ғылымды дамыту маңызды



екі қазақстандық жоғары оқу орны кірді. Соның ішінде, ҚазҰУ биылғы жылы әлемнің ең үздік 200 университетінің қатарына енді. Бұл жетістік Елбасы Н.Ә. Назарбаев тапсырған және Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласын дамытудың мемлекеттік бағдарламасындағы міндетті абыроймен орындап шыққанын айқындайды. Бүгінде университетіміз, елдегі карантиндік жағдайда ең бірінші рет өз онлайн-платформасында жұмысын сәтті орындағанын көрсетті. Бұл басқа да ЖОО үшін үлгі болғаны сөзсіз.

Бүгінде елімізде ғылымның зияткерлік әлеуетін нығайту нәтижелі жұмыс көрсетуде. Мәселен, жыл сайын PhD докторларын даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы ұлғайып келеді. Сонымен қатар, мемлекеттік бағдарлама аясындағылыми инфрақұрылымды жаңғырту және ғылымды цифрландыру жұмыстары да күн тәртібінен түскен емес. Сондықтан ондағы кезек күттірмейтін мәселелерді шешу уақыт талабы. Ал президент жолдауындағы тапсырмалар, осы және өзге де мәселелердің шешімін табуға бағытталған маңызды құжат екені сөзсіз.

Жақыпбек АЛТАЕВ,
ф.ғ.д., философия
кафедрасының профессоры
Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,
философия кафедрасының оқытушысы

Әлемдегі және еліміздегі эпидемиологиялық жағдайлар, ғылым саласын әрқашан дамыту маңызды екенін аңғартты. Ғылым қарыштаған сайын, әлемде жаңа мүмкіндіктеріміз пайда болады, бір орында кенжелеп қалмаймыз. Соңғы уақытта, әлемде ғарыштық технология, ғарышты игеру жұмыстарының қарқыны артты. Сонымен қатар, басқа да ғылым салаларында әлемдік қарыштау биіктігі байқалады. Ал бізде ше? Ғылым қалай дамуда? Оған қаншалықты көңіл бөлуіміз? Қалай қаржыландыру қажет? Президент жолдауында осы сұрақтар бойынша, нақты жоспарлар ұсынды.

Жолдауда: «Бұл мәселе бойынша бізге тың көзқарас пен жаңа тәсілдер керек, сондай-ақ халықаралық тәжірибеге арқа сүйеуіміз қажет. Ғылымды қаржыландырудың және қолдаудың маңызды көзі – ірі кәсіпорындардың, әсіресе шикізат саласындағы компаниялардың қаражаты.

Тапқан табыстың бір пайызын ғылым мен технологияны дамытуға беру туралы қолданыстағы норма талаптары сақталмай отыр. Көпжағдайда бұл қаражат компаниялардың ішінде бөлініске

түсіп кетеді. Үкіметке осы қаражатты жинақтау ісін орталықтандыруды және оның бюджет арқылы жалпыұлттық ғылыми басымдыққа сай бөлінуін қамтамасыз етуді тапсырамын», – деп ғылымды қаржыландырудың маңызды тетігін атап өтті. Сонымен қатар, президент «Ірі бизнес өкілдері өңірлік университеттердің ғылыми қызметін қамқорлыққа алса, нұр үстіне нұр болар еді.

Бізге елімізді ғылыми-технологиялық тұрғыдан дамыту жөніндегі арнаулы бағдарламалық құжат қажет. Оның басты міндеті ұлттық деңгейдегі нақты мәселелерді шешуге ғылымның әлеуетін

пайдалану болмақ», – деп ұсыныс-пікірін айтып, тиісті мекемелерге нақты тапсырмалар тапсырды. Егер президент айтқан тапсырмалар сәтімен орындалса, ғылымның ел экономикасына қосатын үлесі ұлғая түспек.

Ресми статистикаға сүйенсек, елімізде білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының қорытындылары қойылған мақсаттар мен міндеттердің 93,4%-ға орындалған. Әлемнің үздік университеттерінің QS халықаралық рейтингіндегі қазақстандық ЖОО саны 10-ға дейін өсті. Times Higher Education рейтингіне алғаш рет

Мемлекет үшін ең басты байлық – адам және оның өмірі мен денсаулығы екені белгілі. Мемлекет басшысы Қ.-Ж. Тоқаев таяуда жариялаған «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» деп аталатын Жолдауында жер-жаһанға тараған індеттің қауіпі әлі сейілмеген қазіргі жағдайда оны ауыздықтауға қарсы жүргізілген мемлекеттік шаралар мен тұтас қоғамның жұмылуына кеңінен тоқталды.

«Біз азаматтардың өмірін және денсаулығын қорғау үшін бар күш-жігерімізді біріктірдік. Осындай сын сағатта ынтымағы жарасқан халқымыз жұдырықтай жұмылды. Індетпен күрес дана халқымызға тән асыл қасиеттердің арқасында жүзеге асты. Өзгеге қол ұшын созып, тілеулес болу, тосыннан келген кеселге қарсы тұру маңызды екені анық байқалды» дей келе, сын сағатта жанкештілік танытқан азаматтарға, еріктілерге алғысын білдірді. Одан әрі президент ауыртпалықты шешудің жоспарын айқындап, кешенді бағдарлама әзірлеу жайын таразылады.

Пандемия медицина саласына кешенді қатынастың тиімділігін, медицина ғылымы мен практикасын жаңа жағдайға бейімдеуге қажетті тұстарын көрсетті. Дамыған, бақуатты ірі мемлекеттердің өзін әбігерге, дәрменсіздікке ұшыратқан шекара талғамайтын зобалаңның әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси дағдарыстар туғызатын зардаптары айқын айтылды.

Мемлекеттік құжатты зерделей оқу барысында қоғам өмірінде қордаланған түйткілді мәселелердің барлығы назардан

ЖОЛДАУ ЖҮКТЕГЕН МІНДЕТТЕР

тыс қалдырылмағаны байқалады. Отбасы құндылықтары, ана мен сәбидің денсаулығы мен амандығына, ел болашағы – жас өскін перзенттеріміздің қауіп-қатерсіз алаңдамай, білім алуы мен қорғалуына кепіл боларлықтай іс-шаралар жүзеге асырылатын болды. Әлеуметтік дамуға мемлекеттің қолдауы мен көмегі, пандемия басқа да түрлі апаттар мен табиғи катаклизмдер жағдайында білім алу мен оқу үрдісінің қалыпты жүргізілуі үшін қажетті платформа дайындаудың уақыты келгенін дәлелдеудің өзі артық. Бұл жайында Жолдауда «Толыққанды оқу үдерісі үшін қажетті барлық функциялары бар бірыңғай онлайн білім беру платформасын шұғыл әзірлеу қажет» деп арнайы қарастырылды.

Осыған орай, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жүзеге асырылған қашықтан білім беру, онлайндық жүйенің мүмкіндігін кеңінен қолдану және енгізу бағытындағы іргелі жұмыстардың нәтижелерін ерекше атаған жөн.

Еліміздің экономикалық дамуына қатысты да аса ауқымды шаралар мен әбден пісірілген жобалар жүзеге асады. Қазақстанның экономикалық әлеуетін көтеруіне барлық алғышарттар болғанымен, еліміздің табиғи қазба байлықтары мен қолайлы далалық аймақтары әлі де болса тиісті деңгейде игерілмей келеді. Шикізаттық сектордың басымдығы айқын сезіледі.

Сондықтан өз Жолдауында мемлекет басшысы: «Қазақстанның алдында тұрған аса маңызды міндет – өнеркәсіптік әлеуетімізді толық пайдалану. Осы саладағы табыстарымызға қарамастан, ішкі нарықтың зор мүмкіндіктерін әлі де болса толыққанды жүзеге асыра алмай келеміз. Өңделген тауарлардың үштен

екісіне жуығы шетелден әкелінеді. Ұлттық экономиканың стратегиялық қуатын арттыру үшін тез арада қайта өңдеу ісінің жаңа салаларын дамыту қажет. Бұл қара және түсті металлургия, мұнай химиясы, көлік құрастыру және машина жасау, құрылыс материалдары мен азық-түлік өндіру және басқа да салаларды қамтиды» дей келе, «Сапалық тұрғыдан мүлде жаңа ұлттық индустрияны дамыту үшін жаңғыртылған заңнамалық негіз қажеттігіне» мән берді. Ауыл шаруашылығына қатысты да ірі кешенді шаралар басты назарда болады.

Президент Жолдауында ғылым саласына, еліміздің дамуы үшін ғылыми әлеуеттің өркендеуінің зор маңызы мен терең мәнісі көтерілді. Ел президенті Қ. Тоқаев: «Ғылым саласын дамыту туралы да айтқым келеді. Бұл мәселеде бізге тың көзқарас пен жаңа тәсілдер керек, сондай-ақ, халықаралық тәжірибеге арқа сүйеуіміз қажет. Үкіметке жыл сайын әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында 500 ғалымның тағылымдамадан өтуін қамтамасыз етуді, сондай-ақ, «Жас ғалым» жобасы аясында зерттеу жүргізу үшін 1000 грант бөлуді тапсырамын» деп айтуы, ғалымдар тарапынан ықылас пен қызу қолдауға ие болды.

Мемлекеттің ішкі дамуы мен тұрақтылығының кепілі – мемлекеттік билік жүйесінің әділеттілігі мен тазалығынан көрінеді. Бұл орайда президенттің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» – бұл, шын мәнісінде, «Әділетті мемлекет» құру тұжырымдамасы» деген ұстанымы, батыс пен шығыстың ғұламаларымен қатар түркі әлемінің көрнекті ойшылдары әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни, Абай көзқарастарында терең зерделенген ел болудың асыл



қағидаттарымен үндесетінін ескерейік. Құжатта ұлттың жаңа болмысы терең таразыланды. Оған зиялылар қауымының қосатын үлесі де салмақты. Президенттің «Қазақ зиялыларының жаңа кезеңдегі міндеті – ұлт болмысының жаңа қағидаттарын орнықтыру» деген ұстанымы, елдің рухани әлеуетіне, жас ұрпақтың кіршіксіз әлеміне аса жауапты зиялылар қауымы саналатын ұстаздарға қойылатын зор міндеттерді көрсетеді. Ұлттық білім мен ғылымның қара шаңырағы атанған Қазақ университеті Жолдауда көтерілген мәселелердің орындалуына жан-жақты атсалысары сөзсіз.

Гүлбану ЖҮГЕНБАЕВА,
т.ғ.д., Дунне жүзі тарихы,
тарихнама және
деректану кафедрасының профессоры
міндетін атқарушы

21 қыркүйекте шығыстану факультетінде ҚР СИМ-нің ерекше тапсырмалар жөніндегі Елшісі, халықаралық қатынастар философиясының докторы Батырхан Құрмансейітпен кездесу өтті

Қазақстандағы халықтардың тіл күндерін атап өту мақсатында Түрксой кафедрасында «Құтты білік» зияткерлік клубының мүшелерінің ұйымдастыруымен «Тіл – ұлттық қазына» тақырыбында кездесу кеші онлайн түрінде өтті. Кездесуге А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының директоры, филол. ғ.к. Анар Мұратқызы Фазылжан келіп, студенттермен ой бөлісті.

Зияткерлік клубындағы алғашқы онлайн-кездесу

Шараның мақсаты – ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы халыққа Жолдауына байланысты ХХІ ғасыр тіл білімі, түркітану саласындағы өзара ғылыми байланыс, латынға көшу мәселесі, кафедра мен Тіл білімі институтымен бірге атқарылар жұмыстарды талқылау.

Кездесудің алғымсөзінде Шығыстану факультетінің деканы, PhD доктор Палтөре Ықтияр Молдатөреұлы мемлекеттік тілдің және өзге де факультетте оқытылатын тілдердің маңызы мен қолданылу аясы туралы сөз етті.

Кездесу қонағы А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының директоры, филол. ғ.к., түрколог ғалым Анар Мұратқызы сөз алып, тіл тағдыры, оның кешегісі мен бүгінгі, болашағы туралы студенттермен ой бөлісті. «Тіл мерекесінің 5 қыркүйек болып белгіленуінің де өзіндік себебі бар. Бұл күн – «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің қуаттысы – тіл» деп ұлағатты сөз қалдырған, қазақ халқының тілі үшін күрескен Алаш арысы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні. Енді барша қазақстандықтар қазақ әліпбиінің негізін салған ғалымның туған күнінде Тіл мерекесін тойлайтын болады. Қазақтың әдебиет зерттеуші ғалымы, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам

қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылы 5 қыркүйекте қазіргі Қостанай облысы, Жангелді ауданы, Сарытүбек ауылында дүниеге келген болатын» деп бұл атаулы күннің мақсатын түсіндірді.

Анар Мұратқызы зияткерлік клубының мүшелерінің сұрақтарына жауап беріп, ашық, еркін кездесу өтті. Тіл туралы қызықты мәліметтермен бөлісті. Осы шараны ұйымдастырған зияткерлік клуб жетекшісі Гүлжамал Қортабаеваға жылы лебізін білдірді.

Кездесуді ғылыми-инновациялық қызмет және халықаралық байланыстар жөніндегі кафедра меңгерушісінің орынбасары, гуманитарлық ғылымдар магистрі Монтанай Элмира Әзімбайқызы клуб мүшелеріне болашақта табыстар тіледі және кездесудің онлайн форматында өтсе де, өте қызықты, мазмұнды өткенін атап өтті.

Алдағы уақытта да студенттер қашықтан білім алумен қатар, осындай игі тәрбие шаралары онлайн түрінде өткізіле беретін болады.

Г. ҚОРТАБАЕВА,

филол. ғ.к.

К. ЖАНАТАЕВА,

гуман. ғ. магистрі, Түрксой кафедрасы

Al-Farabi Science Talks

Al-Farabi Science Talks – одно из ключевых событий Года аль-Фараби. Серию онлайн-мероприятий в формате «Science Talks», посвященных 1150-летию великого мыслителя, осмыслению его творческого наследия, а также современным проблемам развития науки, провел Центр Аль-Фараби при КазНУ.

Science Talks
1150 ЛЕТ

СЕРИЯ I АБУ НАСР АЛЬ-ФАРАБИ - ФИЛОСОФ ЦИВИЛИЗАЦИЙ

СИМЕОН ЕВСТАТИЕВ
профессор по Ближневосточной истории и исламским исследованиям, заведующий кафедрой арабских и семитских исследований, директор Центра изучения религий Софийского университета Святого Климента Охридского (БОЛГАРИЯ)

ТУЛЕУБАЕВА САМАЛ АБАЕВНА
доктор филологических наук, профессор ЕНУ Л.Н.Гумилева (КАЗАХСТАН), видный специалист в области востоковедения, арабистики, фарабиведения, исламоведения, теории языка, лингвокультурологии, лингвостраниковедения, переводоведения, межкультурной коммуникации, исламской медиавистики

МОДЕРАТОР: МАСАЛИМОВА АЛИЯ РИМГАЗИЕВНА
Декан факультета философии и политологии КазНУ имени аль-Фараби, доктор философских наук, профессор. ВИОЛЕТА ДОБИЧИНА
Директор Центра аль-Фараби Софийского университета им. Св. Климента Охридского (БОЛГАРИЯ)

8 ОКТЯБРЯ, 2020г. В 17.00 (GMT+6)

ИДЕНТИФИКАТОР 843 5897 2691 код доступа 858404

Проект инициирован Правительством Республики Казахстан и осуществляется при поддержке Министерства образования и науки. К участию в Al-Farabi Science Talks были приглашены известные отечественные и зарубежные ученые и фарабиведы.

В рамках проекта состоялась серия вебинаров на темы: «Абу Наср аль-Фараби – философ цивилизации», «Казахстанская наука: от истоков к современности», «Межкультурный диалог и взаимопонимание», «Этика, долг и ответственность», «Наука как драйвер устойчивого социально-экономического развития», «Гуманизм и уважение личности», «Наука, высокие технологии и Индустрия 4.0».

В качестве спикеров в проекте приняли участие: Альберт Фишлер – французский литературовед, популяризи-

затор казахской литературы и культуры (Франция), Симеон Евстатиев – директор Центра изучения религий Софийского университета Святого Климента Охридского (Болгария), Яшар Айдынлы – доктор философских наук, теолог из Университета Улудаг (Турция), Питер Адамсон – профессор Мюнхенского университета им. Людвиг-Максимилиана, а также другие видные зарубежные и казахстанские ученые.

Онлайн трансляция Al-Farabi Science Talks дублировалась в социальных сетях «Facebook», «Instagram» и на YouTube канале Al-Farabi Center, а дальнейшее обсуждение тем было продолжено на сайте Центра Аль-Фараби с помощью ресурса Invisible College.

Соб. корр.

Биылғы жыл адамзаттың әлемді қабылдауы мен оған деген көзқарасын көп өзгертті. Бұл карантин өмірдің барлық салаларына түзетулер енгізіп, біз басқаша жұмыс істеп, оқып, спортпен айналысу мен демалу түрін де өзгерттік.

Бірінші сыныпқа бірінші рет! Барлық балалар 1 қыркүйекте – балалық шақ пен мектеп өмірі арасындағы шекараны өткізетін күндерді күтеді. Бірінші күзгі күннің басты атрибуты – жаңа портфель. Төрт жыл бұрын әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қызметкерлерінің «Парасат» кәсіподағы университеттің әкімшілігінің қолдауымен бірінші сыныпқа баратын балаларға сөмкелер мен оқу құралдарын алып беруді шешкен болатын. Университет қызметкерлері, ата-аналар бұл идеяға ықылас білдірді. Осылайша, бірінші сыныпқа баратын бүлдіршіндерге сөмке тарту дәстүрге айналды. Биылғы жылы да кәсіподақ дәстүрді жалғастыру қажет деп шешті. Себебі, 1 қыркүйек ата-аналар үшін бұл қуанышты толқу ғана емес, сонымен қатар үлкен қиындықтар мен қаржылық шығындар. Баланы мектепке дайындау отбасылық бюджетке айтарлықтай салмақ салады. Кәсіподақ комитетінің сөмкелері бұл ата-аналар үшін жақсы әлеуметтік көмек. Биыл 230 бірінші сынып оқушысы «Кәсіподақ»

КАРАТИН КЕЗІНДЕГІ КӨМЕК



сөмкелерімен мектепке барады. Әрине, кәсіподақ активі болашақ оқушылар мен олардың ата-аналары үшін университет басшылығы ректораттың мәжіліс залын ұсынып, бүлдіршіндерге сөмкелерін тапсыру көңілді әрі әсерлі өткен жылдарды естен шығармайды. Карантин жағдайында сөмкелерді кәсіподақ ұйымдастырушылары барлық сақтық шараларын ескере

отырып, оларды ертеңгі мектеп оқушыларының ата-аналарына тарту етті. 2020 жылғы шарадан дәстүрлі жалпы фотосуреттер, яғни, бүлдіршіндердің отбасымен түскен суреттері болмайды. Бүгін біз балаларды тек ризашылық білдірген ата-аналар жіберетін фотосуреттер мен бейнежазбалардан ғана көре аламыз. Солардың бірі физика-техникалық факультетінің оқытушысы С.Т. Ермағанбетованың қызы Маржан өз сөмкесінің ішіндегі дәптер, қалам-қарындаш, пенал, акварельді бояулар, түрлі-түсті қағаз және сурет салуға арналған альбомдарын қуана қарап, алғыс білдірді.

«Парасат» кәсіподағы жобасының әлеуметтік маңыздылығын бірінші сынып оқушысының әкесі Бахтияр Оразұлы атап өтті. «Осы қиын-қыстау кезеңде «Парасат» кәсіподағы өз мүшелерінің әрқайсысы туралы ойлайтыны керемет», – деп атап өтті Бахтияр Оразұлы.

Журналистика факультетінің маманы Перенова Күләш ҚазҰУ басшылығы мен кәсіподаққа балаларға қамқорлық жасағаны үшін алғысын білдірді. «Қызына сөмке пен оның ішкі мазмұны қатты ұнады. Ол енді тек бестік бағаға оқитынын айтты». Болашақ бірінші сынып оқушыларының ата-аналары арасында кәсіподақ комитетінің

белсенділері де бар. Биыл мектепке тарих, археология және этнология факультетінің кәсіподақ комитетінің мүшесі Т.Н. Мұқажанованың қызы және медицина және денсаулық сақтау факультетінен М. Қожабергенованың ұлы барады. Аналар кәсіподаққа және университет әкімшілігіне шын жүректен алғыс білдірді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қызметкерлері «Парасат» кәсіподағының төрағасы Талғат Мекебаев кәсіподақтың «Бірінші сынып оқушысына сөмке жинау» бастамасы университеттің корпоративтік мәдениетінің бір бөлігіне айналғанын атап өтті. Бұл біздің қызметкерлерімізге балаларды мектепке дайындап қана қоймай, сонымен қатар осындай қиын-қыстау кезеңде де біз бәріміз, лауазымына қарамастан, бір ұжымның мүшесі екенімізді сезінуге көмектеседі. Көп балалы отбасыларға ерекше көңіл бөлінеді. ҚазҰУ қызметкерлері «Парасат» кәсіподағы университет ректоры академик Ғ.М. Мұтановтың бастамасымен және университет әкімшілігінің қолдауымен бұл акцияны төртінші рет өткізіп, әлеуметтік әріптестікті іс-әрекетте көрнекі түрде көрсетеді. Біз келесі оқу жылында әрбір бірінші сынып оқушысына жеке-жеке сөмке тапсыра аламыз деп сенеміз.

Өз тілшімізден

ПОЗДРАВЛЯЕМ ЮБИЛЯРА

В сентябре отмечает свой 80-летний юбилей Алла Бейсембековна Атрауова – библиотечкарь, методист, писатель-публицист, отличник Высшей школы, обладатель почётных грамот общесоюзного значения. Много лет Алла Бейсембековна посвятила научной библиотеке КазГУ им. С.М. Кирова. На посту директора сделала немало для ее развития, за что была удостоена звания «Отличник Высшей школы».



по 1970 годы работала в научной библиотеке Казахского государственного университета им. С.М. Кирова, пройдя путь от простого библиотечкаря до заведующей отделом. После двенадцати лет трудовой деятельности в других организациях А.Б. Атрауова снова возвращается в КазГУ им. С.М. Кирова и работает в должности заместителя директора библиотеки, а спустя год её назначают директором научной библиотеки университета. На этом посту Алла Бейсембековна сделала немало, в итоге библиотека получила статус научной. На этом сложном пути она стала инициатором многих начинаний и смелых шагов для ускоренного развития библиотеки университета, за что была удостоена звания «Отличник Высшей школы».

А.Б. Атрауова трудилась членом ЦНМБК Минвуза СССР, заместителем председателя РНМБК Минвуза КазССР, председателем секции по пропаганде художественной литературы Добровольного общества книголюб, членом Республиканской

межведомственной библиотечной комиссии при Министерстве культуры КазССР.

Алла Бейсембековна оказывала большую методическую помощь в развитии библиотечной системы Казахстана в целом, а именно, 56 вузовским библиотекам и 238 библиотекам ссузов и школ, связанных с организацией республиканских конференций, семинаров и заседаний, курсов повышения квалификации библиотечных работников, в том числе и в городе Москве.

Она осуществляла тесную связь с библиотеками различных вузов по всему постсоветскому пространству, а именно в таких городах, как Москва, Санкт-Петербург, Киев, Тарту, Астрахань, Казань, Кишинёв, Минск, Саратов, Баку, Ташкент, Бишкек, Мурманск. С 1990 по 1996 годы она руководила библиотекой Алмагитинского технологического института (ныне АТУ). С 1996 года по настоящее время Алла Бейсембековна находится на заслуженном отдыхе.

Атрауова А.Б. известна широкому кругу не только как библиотечкарь-методист, но и как писатель-публицист и автор более 20 методических публикаций, посвящённых работе библиотеки. Среди них: «50 лет библиотеке КазГУ» (1984), «Методы управления библиотеками высших учебных заведений» (1986), «Перевод систематического каталога на библиотечно-систематический каталог (ББК)» (1989), «Пожелания студентам: умеешь ли ты читать книги?» (1989), «Духовные богатства» (1992) и др. Эти статьи были опубликованы в газетах «Қазақ университеті», «Коммунистический труд», «Вечерняя Алма-Ата», «Лениншіл жас», «Алматы ақшамы». Статья «Съезды писателей КазССР» была помещена в 4-м томе «Краткой энциклопедии КазССР» (1991). В качестве одного из авторов ряда статей вошла в энциклопедию «Мухтар Ауэзов» (2011).

Огромная общественная и методическая работа А.Б. Атрауовой по укреплению и развитию библиотек высших учебных заведений республики, формированию сотни тысяч специалистов в области библиотечного дела, не прошли незамеченными. Ей была посвящена специальная именная статья в серии биографических сборников «Почитаемые люди земли Казахской» издательства «Дәуір» (18-том, 2009).

Всю свою жизнь как гражданка суверенной страны Алла Бейсембековна Атрауова делала всё для поднятия уровня духовной сферы Республики. Она воспитала трёх дочерей, которые трудятся на благо вузовской системы Республики.

Пройдут дни, пройдут года, а плоды деятельности Аллы Бейсембековны останутся в памяти людей. С юбилеем Вас! Долгих лет Вам жизни!

Дочери, выпускницы
КазНУ им. аль-Фараби

д.х.н., доцент
Акбаева Дина Наурызбаевна,
к.ф.н., асоц. профессор КазАТК,
лауреат премии Союза молодёжи РК
Акбаева Лейла Наурызбаевна,
к.ф.н., асоц. профессор АГА
Акбаева Акмарал Наурызбаевна

ДЕНСАУЛЫҚ

Бостандық ауданы тауарлармен көрсетілген қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасы, сіздерді аудандағы тұмауға қарсы алдын алу шаралардың бірі – халықты жаппай тұмауға қарсы егу жұмыстары басталғанына хабардар етеді.

Бүгінгі күні тұмау көп тарайтын жұқпалардың бірі болып есептеледі. Жылдар бойы ол эпидемия көзі болып, 5-10 пайыз ересектер мен 20-30 пайыз балаларды зақымдауда.

Аурушылдықтың кезеңдік көтерілуі тұмау вирусының өте жоғары өзгерушілігімен, нәтижесінде адам арасында жаңа ауру қоздырғыштар түрлері пайда болуымен ерекшеленеді.

Жиі вирус адамдарда өте ауыр түрде өтіп, кейде өміріне қауіп төндіретіндей ауыр асқынулармен байқалады (пневмония, өкпе абсцесі, өкпе көк ет эмпиемасы, респираторлық дистресс синдром, құлақтың қабынуы, кеңірдектің ісінуі, энцефалит, менингит, токсико-аллергиялық шок т.б.), мұның өзі тұмауға қарсы алдын алу шараларының кешенді түрде жүргізуін талап етеді.

Алдын алу шаралардың ең тиімдісі болып арнайы тұмауға қарсы иммундау (вакцинация) егу болып табылады.

Тұмауға қарсы екпенің көмегі көп



Бүгінгі күні талаптарға сай, тұмауға қарсы ақсыз тұрғылықты мекен жайға қарасты емханаларда, тұмаумен ауырып қалу қауіпі жоғары адамдар тобына жататындар, олар; жиі ауыратын балалар мен кәрі (егде) кісілер, жүкті әйелдер, иммундық жағдайы төмен, жүрек, өкпе, бүйрек, эндокриндық және орталық жүйке жүйесі ақаулары бар адамдар. Сонымен қатар жүктілікті жоспарлайтын әйел азаматтары, өйткені, жүктілікке дейінгі немесе жүктіліктің алғашқы 2-3 айлығында алуы дұрыс, өйткені тұмаумен ауырған жүкті әйелдердің қажетсіз асқынуымен

қатар, түсікке немесе нәрестенің денсаулығының ақауларына алып келуі мүмкін.

Осы аталған топқа қатысты болсаңыз, аудандағы бүгінгі күні тегін екпе жүргізіліп отырған емханаларға тұрғылықты мекен жайыңыз бойынша қаралуыңызға болады. Сонымен қатар тұмауға қарсы екпе алу қажет топтар болып көпшілік жерде жұмыс істейтін қызметкерлер (тәрбиешілер, мұғалімдер, дәрігерлер, сатушылар, сонымен қатар ірі мекеме қызметкерлері) жатады.

Тұмауға қарсы арнайы екпені күзде, кезеңдік

аурушылдық деңгейі көтерілуі алдында жүргізіледі.

Тұмауға қарсы екпе арнайы медицина мекемелерінде, жауапты медицина қызметкерлерімен, рұқсат қағазы бар, арнайы бөлмеде, барлық төтенше жағдайларға дайындық жиынтығы бар, алғашқы көмек көрсетуге дайын, егу алдында дәрігер қарауымен жүргізілуі тиіс.

Тұмауға қарсы жүргізілген бір ғана екпеден кейін, адам ағзасында тұмауға қарсы төзімділік 14 күн аралығында пайда болып, бір жыл аралығында сақталады.

Тұмауға қарсы егілген адамның тұмаумен ауырып қалуы, егілмеген адамнан 3-4 есе төмен.

Ал егерде тұмауға қарсы егіліп, ауырып қалсаңыз, онда аурушылық төмен түрде және асқынусыз өтеді.

Егер сізде қандайда бір сұрақ туындаса, Бостандық аудандық денсаулық сақтау басқармасының эпидемиологиялық бақылау мамандарынан келесі байланыс телефондарымен кеңес алуыңызға болады: 2745572, 2744944.

Өз денсаулығыңызға немқұрайлы қарамай, қазірден бастап екпе алу мүмкіндігін қолға алыңыз!!!

Егор ТАРКИНСКИЙ,

Бостандық ауданы тауарлармен көрсетілген қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасы басшысы;

Меруерт ЖАНСЕЙТОВА,
эпидемиологиялық қадағалау бөлімі басшысы

БІЛІМ – БОЛАШАҚТЫҢ БАСТАУЫ

Күрең күзбен бірге, жер бетінде белең алған пандемияға қарамастан, жаңа оқу жылы да басталып кетті. Біріміздің балаларымыз 1-сыныпқа барып, мектеп табалдырығын алғаш рет аттаса, біріміздің балаларымыз алтын ұя мектептерінен түлеп ұшып, алғаш рет студент атанып, өздері қалаған мамандықтары бойынша оқуға түсіп, университет қабырғасында білімдерін ұштауда.



Аяжан БИДАКМЕТ,
Шығыстану факультетінің
1-курс студенті:

– Менің корей тілінің маманы болғым келгендіктен «Шетел филологиясы» мамандығына оқуға түстім және де осы университетке оқуға түскенім үшін мақтанамын. Мені өте қатты таң қалдырып, қуантқаны, ол – жаңа ортадағы адамдардың өте жайдары және ақкөңілділігі. Әлемдегі болып жатқан пандемияға байланысты алғашқы танысу жиналысы мен бағыт-бағдар беру сабақтары онлайн болса да, факультетке барып оқығаннан кем емес.

Алғашқы күннен бастап достар таптым, біздің факультеттің оқытушыларының бәрі де бізге жылы лебіздерін білдіріп, студент атауымызбен құттықтады. Басынан бастап деканымыз көп нәрселер жайлы мағлұмат берді. Кафедра меңгерушісі, эдвайзерлеріміз бен оқытушыларымыз біз үшін жайлы орта жасауға тырысып, бізге көп көңіл бөлуде. Кіріспе сабақтар да қызықты өтуде. Күнде сабақ қашан басталады деп, асығып дайындалып отырамын. Тілді де ақырындап үйреніп жатырмыз, бір-бірімізбен де жақсы қарым-қатынас орнатып үлгердік. Тағы бір айта кететін жайт, мұғалімдерімізді үйреніп жатқан тілде атау өте ерекше көрінді және де менің тілге деген қызығушылығымды одан сайын арттырды. Профессорымыз – Ли Бенг Джо кәсіпкер де біздің досымыз секілді, үнемі бізбен байланыста. Бізге сабақ беретін оқытушылар өте қарапайым, жайдары жандар екен. Өте тұйық адамның өзін сөйлетіп жіберетіндей, ашық керемет адамдар. Офлайн режимде оқитын кезді қатты күтіп жүрмін. Экранның ар жағында болса да, ақылын айтып, өтетін сабақтарымыз жайлы хабардар етіп, түсіндіріп жатқан жылы жүзді адамдарды бетпе-бет көріп алғыс айтып, көбірек танып-біліп сабақ өтсек деймін. Оқу басталғанына небәрі 1 апта болса да, 1 жыл оқығандай үйреніп кеттім. Айтқым келгені мен тура осылай бірден үйреніп кетемін деп ойламадым. Мұғалімдерге бізді жақсы қарсы алғаны үшін, барынша бізге көмектесіп жатқаны үшін алғыс айтамын. Осы мамандықты таңдап, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне оқуға түскеніме қатты қуаныштымын.



Айсұлу АФАБЕК,
Шығыстану факультетінің
1-курс студенті:


– Алтын ұя мектебімізде өткен 11 жылымыз – 11 айдай болып өтті де кетті. Балалық шағымыздың осы бір кезеңімен

қоштасып, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенті атанып, үлкен өмірге қадам бастық. Ал қазір қызығы мен қиыншылығы қатар жүретін осы кезеңнің алғашқы сабақтарынан алған әсерім жайлы бөліскім келеді.

Мектептегі ұстаздардан, аға-әпкелерімізден университет оқытушылары мектеп мұғалімдерінен қатал болады деп естіген соң суық жүзді, қабағы оңайлықпен ашыла қоймайтын ұстаздар бейнесі елестейтін. Міне, осындай оймен, солқаумен 3 қыркүйек күні алғашқы танысу сабағымыз да онлайн түрінде басталды. Сабақты кураторымыз жүргізді. Ол кісінің жылы, мейірімді шырайын көргенде мен қатты қуандым. Осы уақытқа дейін маған беймәлім болып келген корей тілі туралы кураторымыз ыждаһаттылықпен айтып берді. Келесі күнгі дәрістеріміз де өте қызықты әрі пайдалы өтті. Сонымен қатар, лекциядан бөлек мұғалімдердің ақыл-кеңесін тыңдап, оқуға деген мотивация ала білдім. Әрбір пәннің ұстаздары бірінші сабақтың өзінде-ақ өз істерінің мамандары екенін көрсете білді. Сол сәттерде ұстаздарымнан үйренерім көп екенін түсіндім. Осындай сабырлы, жылы жүректі жандардан алдағы төрт жылда сабақ алатыныма сондай қуаныштымын.

Әрине, алғашында сабақтар оңай сияқты болып көрінеді. Бірақ маңдай тер мен еңбектің, талпыныстың және мұғалімдердің берген білімінің арқасында өз мамандығымның иесі болып шығамын деп ойлаймын.

Менің қазіргі жазған ой-толғанысым тек бір апталық сабақтан алған әсерім. Алдағы уақытта болатын сабақтарда алатын білімім университет ұстаздарына деген құрметімді арттыра түседі деп ойлаймын.



Карина СЕЙДАХМЕТ,
Шығыстану факультетінің
1-курс студенті:

– Мен Қазақстандағы ең ірі оқу орындарының бірі – ҚазҰУ-дың Шығыстану факультетінің бірінші курс студентімін. Әрине, әр мектеп бітірушіге оқуға түскеннен кейінгі қызық болатын нәрсе ол – университет атмосферасын сезініп көру. Жаңа оқу орны, жаңа достар – мектептегіден мүлде бөлек. Бірақ бәрімізге белгілі осы жылғы жағдайға байланысты, бізге ол бұйырмады. Сондықтан да, бұл жылы көп оқу орны қашықтықтан оқытуды жөн көрді. Жаңа достарың мен оқытушыларыңды экранның ар жағынан көру – өкінішті-ақ. Бірақ соған қарамастан біздің оқытушыларымыз жаңа студенттеріне білетіндерін үйретіп, барын салуда.

Оқу басталғалы 1-ақ апта өтсе де, қазірдің өзінде біз мұғалімдермен тез тіл табысып кеттік. Сабақта бәріне көңіл бөлініп, барлық студенттің пікірлері ескеріледі. Бізді мазалаған сұрақтар болса қоямыз, ал оқытушылар барынша жауап беруге тырысады. Оқытушыларымыз бұл таныстыру, бағдар беру дәрістері болғандықтан, біздің жалығып шаршап кетпеуіміз үшін, арасында өз өмірлеріндегі кейбір жағдайларды айтып, олар да біз сияқты арман қуған студент болғандарын

еске алып, айтып отырады. Біздің жақсы оқуымызға мотивация беріп, студенттерді сергітіп алады. Мұғалімдер өз уақытында көп білім алған, өз жұмысына шын жүректен берілген шығармашыл тұлғалар екен. Бізге әрқашан көмектесуге, өз тәжірибелерімен бөлісуге дайын екендіктерін білдіруде. Ең бастысы – лекциялар бізге қажетті барлық ақпаратты қамтып, ал оқытушыларымыз біздегі қызығушылықты одан сайын арттыра түсуде. Қашықтықтан оқып жатсам да, мен университеттен барып оқитын білімді алып жатырмын деп ойлаймын және де соған өте қуаныштымын.



Еркеназ ЕРИКОВА,
Шығыстану факультетінің
1-курс студенті:

– Ең алдымен, Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлар ұжымына алғысымды айтқым келеді! Осындай қиын кезеңде өз ісінің мамандары бізге онлайн форматта бағдар беру, шолу сабақтарын жүргізуде. Аз уақыт өтсе де мен күнделікті болған сабақтардан көлемді мағлұматтар алдым. Корей тілінің негізгі керекті әліпбиін, оқу-жазу ережелерін түсіндірген Жансая Бауыржановна мен Элина Валентиновна кураторларымызға үлкен рахмет! Ал Корея елін басқа қырынан көрсетіп, тарихына, салт-дәстүріне саяхат жасауға мүмкіндік берген Бақытгүл Жұмановна апайымызға алғыс білдіремін! Сондай-ақ, Корея елінің қызықтарға толы, әрі бай әдебиетіне бір үңілуге жол ашқан Үмітай Әбдіқаппарқызына көп-көп рахмет! Және біздің сүйікті профессорымыз болып кеткен Ли Бенг Джо ағайға алғысым шексіз. Сабақтың басталғанына көп уақыт болмаса да, ол бізге ақыл-кеңесін айтып, алға қойған мақсатымызға жетуге жігерлендіріп жүр. Алдағы уақытта да құрметті оқытушы-профессорларымызбен бірге Кореяның біз білмеген қыр-сырларымен оқып-танысып, тілін, әдебиетін, тарихын, мәдениетін, экономикасын зерттеп-зерделеп, университет қабырғасындағы жылдарымызды қызықты да өнімді түрде өткізіміз деген ойдамын!

P.S. Жаңа өмірге қанат қаққан білім алушыларымызға өмірлік азық болардай білім беріп, бір-біріміздің сенімдерімізден шығамыз деп үміттенемін...

Үмітай ӘМІРБЕК,
Қиыр Шығыс кафедрасының аға оқытушысы



6 қазанда профессор Элеонора Сүлейменованың университетте ұстаздық еткеніне 50 жыл және 75 жылдық мерейтойына арналған халықаралық конференция өтеді

Знаменательная дата

В сентябре этого года исполнилось пятнадцать лет, как в КазНУ им. аль-Фараби открылась специальность «Физическая культура и спорт». Сегодня мы листаем страницы истории, богатой яркими событиями и делимся достижениями кафедры.



К истокам

Инициатива открытия специальности по подготовке физкультурных кадров в университете принадлежит почетному заведующему кафедрой физического воспитания и спорта, заслуженному тренеру РК, члену-корреспонденту НАН ВШНК, профессору Анатолию Ивановичу Арещенко, при непосредственном участии зам. зав. кафедрой по учебно-методической и воспитательной работе, кандидата педагогических наук, доцента Галии Баянжановны Мадиевой.

У истоков кафедры стояли преподаватели Виктор Иванович Якуба, Дамат Туралбаевна Онгарбаева, Ирина Ивановна Мартыненко. Свой вклад в развитие кафедры внесли д.п.н., профессор Е.А. Алимханов, д.п.н., профессор Л.И. Орехов, Н.О. Байзакова, С.Ж. Отаралы, С.Ж. Бекбулатовна, Н.М. Шепетюк. Уровень профессионального мастерства преподавателей с годами значительно повысился. И в настоящее время на кафедре работают: 2 доктора наук, профессора, 1 ЗТРК, профессор, 4 кандидата наук, 1 доктор PhD. В ряды преподавателей влились новые специалисты: Г.Испамбетова, С.Асаубек, С.Курманалиев, И.Круговых и др. С 2016 года кафедрой заведует к.э.н. Ермек Киргизбаевич Дилмаханбетов.

Лучшие из лучших

Всего 4 студента поступило в 2005 году на специальность «Физическая культура и спорт», но с каждым годом количество спортсменов, желающих получить высшее физкультурное образование именно в КазНУ, росло. Витогеза юбилейный период кафедра выпустила в профессиональную жизнь около 400 специалистов: более трехсот бакалавров, 75 магистров, 2 доктора PhD. Многие из них добились успехов в сфере управления физической культурой и спортивной деятельностью. Выпускник Амангали Салькенович Жартыбаев руководит Научно-практическим центром физической культуры и спорта Управления образования акимата Жамбылской области, Самат Жанашевич Копчикбаев назначен акимом Лепсинского сельского округа, Алакольского района, Алматинской области.

Наши выпускники осуществляют руководство федерациями по разным видам спорта: Артур Дильман и Олег Работта возглавляют Федерацию водных видов спорта г. Алматы, Алексей Верещагин – Республиканскую Федерацию функционального многоборья РК, Максим Панарин – Федерацию рукопашного боя и др. Во многих успешных государственных, общественных, частных образовательных учреждениях и фитнес-индустрии работают наши выпускники.

Растим победителей

Кафедра физвоспитания и спорта добилась значительных успехов. Спортсмены университета вошли в элиту мирового спорта и добились

высоких спортивных показателей на мировой арене. В 2012 году студенты и магистранты специальности – мастера спорта международного класса Артур Дильман, Олег Работта (плавание), Роман Пилипенко (водное поло), Виктория Зябкина, Айман Кожаметова, Шолпан Кожаметова, Галина Кичигина, Георгий Шейко, Татьяна Азарова (легкая атлетика), Юлия Живица, Джамия Юнусбаева, Эльмир Алимжанов (фехтование) принимали участие в Олимпийских играх в Лондоне.

Одно из значимых достижений последних лет университета – участие 17-ти студентов в Олимпийских играх в Рио-де-Жанейро (2016 г.), из которых в десятку сильнейших спортсменов вошли наши студенты: Дмитрий Баладин – чемпион Олимпийских игр по плаванию, Ельдос Сметов – серебряный призер по борьбе дзюдо, Эльмира Сыздыкова – бронзовый призер по женской борьбе, Денис Уланов – бронзовый призер по тяжелой атлетике, Алмат Кепесбаев, по греко-римской борьбе, участники Олимпийских игр-2016 мастера спорта международного класса Максим Раков, Жансай Смагулов (дзюдо), Анастасия Виноградова (легкая атлетика).

Наши студенты также успешно выступают на Всемирных летних универсиадах. В г.Тайбэй (Тайвань) в 2017 г. студенты КазНУ завоевали 5 медалей, а на летних Всемирных Универсиадах и Чемпионатах Мира среди студентов завоевано: 10 золотых, 7 серебряных и 7 бронзовых медалей. Сборная команда КазНУ является семикратным победителем летних Универсиад вузов РК, побеждая с большим преимуществом в общекомандном зачете.

Интерактивные методики

Коллектив кафедры вносит большой вклад в совершенствование образовательной деятельности.

Большое внимание сегодня уделяется использованию интерактивных методик проведения занятий. Активное участие преподавателей кафедры в семинарах по обмену опытом и использованию в учебном процессе технологий обучения, освоенных по программе «Өрлеу», оказывает большое влияние на систематизированное использование инновационных и новых информационных технологий, а также возможности их применения в учебном процессе специальности «Физическая культура и спорт».

В связи с экстренным переносом обучения в дистанционный формат в условиях пандемии преподаватели кафедры так же, как и все преподаватели университета, смогли перестроить и организовать учебный процесс. Занятия и экзамены проводятся в онлайн-режиме, посредством дистанционных технологий обучения с использованием новых возможностей для дистанционной работы с системами MOODLE и Univer, приложения ZOOM, Microsoft Teams, Youtube Streaming и других внешних ресурсов для обучения с применением ДОТ.

Научные связи

Кафедра поддерживает научные связи со многими зарубежными высшими учебными заведениями. Преподаватели участвуют в конференциях, обмениваются опытом в педагогической сфере, проводят научные занятия и консультации, академическая мобильность. Кафедра физвоспитания и спорта сотрудничает со многим университетами ближнего зарубежья. Имеет научные и образовательные связи с ведущими зарубежными аккредитованными образовательными и учреждениями для научного руководства и консультирования докторантов: Jihoun “AJ” An, (PhD, США, Гринвилл, Северная

Каролина, Университет Восточной Каролины, Developmental Motor Lab) и Милашюс Казис, габилитированный доктор биологических наук, профессор (Университет Витаутас Магнус, Академия просвещения, Вильнюс, Литва).

Большие перспективы имеет тесное сотрудничество с такими спортивными организациями как: Национальный Олимпийский Комитет РК, Управление физической культуры и спорта, Казахстанская Федерация Футбола, футбольный клуб «Кайрат», Республиканский колледж спорта, Федерации по видам спорта Республики Казахстан, Центры олимпийской подготовки по видам спорта и другие.

В преддверии юбилея хотим выразить благодарность профессорско-преподавательскому составу кафедр биологии и биомедицины; биотехнологии факультета биологии и биотехнологии, а также кафедр педагогики и образовательного менеджмента, общей и прикладной психологии факультета философии и политологии за то, что на протяжении вот уже пятнадцати лет обеспечивают общепедагогическую, общепрофессиональную и специальную подготовку студентов, магистрантов и докторантов специальности «Физическая культура и спорт» в тесном сотрудничестве с нашей кафедрой.

Мы очень признательны ректору университета Галимкаиру Мутановичу Мутанову и ректорату, декану факультета медицины и здравоохранения Жанне Амантаевне Калматаевой и деканату за поддержку, создание студентам-спортсменам условий и возможностей для получения престижного и востребованного образования.

Г. МАДИЕВА,

к.п.н., доцент

кафедры физвоспитания и спорта

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

Тілшілер: Айнұр АҚЫНБАЕВА,

Светлана ӨМІРҒАЛЕЕВА

Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ

Корректор: Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағыла ШҮРИЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.

Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:

kazuniver2016gazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында басылды.

Бағасы келісім бойынша. Таралымы 1000 дана

● Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

● Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

● «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.

● Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.